

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы "Тікелей шетелдік инвестициялар үшін қазақстандық ресурстарды әртараптандыру және секторалдық инвестицияларды дамыту бойынша бағдарламаларды жетілдіру" жобасын іске асыру туралы келісім

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі - ЭЫДҰ) ЭЫДҰ-ның Қаржы және кәсіпкерлік істері директорының Жұмыстар және Бюджет бағдарламасының бір бөлігі ретінде "Тікелей шетелдік инвестициялар үшін қазақстандық ресурстарды әртараптандыру және секторалдық инвестицияларды дамыту бойынша бағдарламаларды жетілдіру" жобасын (бұдан әрі - жоба) іске асыруға және жоғарыда аталған жобаны орындаушысы болуына ниет етіп отырған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаның бірінші фазасын қаржыландыруға келісетінін.

Еуропалық комиссияның (бұдан әрі - ЕК) салымы осы келісімнің 2-бабына сәйкес жобаны қаржыландыру үшін көзделгенін.

Ескере отырып,

Бұдан әрі тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - ЭБЖМ) мен ЭЫДҰ төмендегілер туралы келіседі:

1. Жобаның мақсаты, міндеттері

1.1. Тікелей шетелдік инвестицияларға арналған қазақстандық ресурстарды әртараптандыру және салалық бәсекеге қабілеттілікті нығайту Жобаның мақсаты болып табылады.

1.2. Жобаның фазалары. Жоба үш фазадан тұратын болады:

1. Саланы іріктеу және талдау;
2. Мақсатты секторға арналған нақты реформалар және оларды іске асыру;
3. Құрылымдық реформа және орнықты реформа тетіктері.

2. Бюджет және ресурстар

2.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаның бірінші фазасына грант түрінде 1,8 мөлшерінде үлес қосады. ЭЫДҰ ЕК-мен жобаның екінші және үшінші фазаларын қаржыландыруға арналған грант туралы жеке келісім жасауға ниеттеніп отыр. Жобаның соңғы екі фазасын іске асыру ЭЫДҰ мен ЕК арасындағы келісімнің мәні болып табылады.

2.2. Жобаны 3 фазада іске асыру көзделіп отыр, бұл ретте:

Іске асырылу мерзімі 18 ай болатын 1-фазаға Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебінен 1,8 млн. евро сомасында көзделіп отыр;

Жалпы іске асырылу мерзімі 18 ай және құны 2 млн. евро болатын 2 және 3-фаза ЕК есебінен көзделіп отыр.

2.3. Жобаны іске асыру бюджеті мынадай түрде көзделіп отыр:

евро

Фаза	Жалпы бюджет	ЕК	Қазақстан Республикасының Үкіметі
1-фаза	1 800 000		1 800 000

2 және 3-фаза	2 000 000	2 000 000	
Барлығы	3 800 000	2 000 000	1 800 000

2.4. 1-фазаның соңында жұмсалмаған және игерілмеген кез келген қаражат жоспарланған бюджетке толықтыру ретінде Жобаның келесі фазасын қаржыландыру үшін қолжетімді болады.

3. Іс-шараларды жүзеге асыру рәсімі

3.1. ЭЫДҰ бірлесіп мақұлданған техникалық ұсынысқа сәйкес жобаның орындалуына жауапты болады.

3.2. ЭЫДҰ ҚР ЭБЖМ-ге салым шеңберінде атқарылған жұмысты сипаттауды қамтитын тоқсан сайынғы мазмұнды есепті, сондай-ақ жобаның бірінші фазасы аяқталуы бойынша шешуші мазмұнды есепті қысқаша құжат түрінде береді. ЭЫДҰ ҚР ЭБЖМ-ге қаражатты алуды растайтын банк шотының көшірмесін қоса бере отырып ЭЫДҰ бухгалтерлік есеп бөлімі басшысының растаған және қолы қойылған осындай үлес бойынша салым шеңберіндегі шығыстар туралы түпкілікті есеп береді. Аталған есептер есепті кезең аяқталғаннан кейін үш ай ішінде беріледі.

4. Қаржыландыру тетігі

4.1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз салымын осы Келісімнің 2-бабына сәйкес жүзеге асырады. Еуропалық комиссияның салымы да осы Келісімнің 2-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің салымы 18 ай кезеңге арналған Жобаның 1-фазасын қаржыландыру мақсаты үшін жалпы сомасы 1 800 000 евроны құрайды.

4.3. ЕК тарапынан көзделетін салым жобаның 18 ай кезеңге арналған екінші және үшінші фазаларын қаржыландыру мақсаты үшін 2 000 000 евроны құрайды.

4.4. Арнайы шот. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан теңгесімен салым сомасын осы Келісімге қол қойылғаннан кейін және ЭЫДҰ-ден ақы төлеу шотын алғаннан кейін толық көлемде енгізуге келіседі.

4.5. ЭЫДҰ жалпыға бірдей қабылданған бухгалтерлік есептің халықаралық қағидаттар мен қаржылық ережелерге, нормаларға және қазіргі уақытта болжамды соманың 3,5 %-ын құрайтын әкімшілік грантқа алымды көздейтін басқа да қолданылатын ережелерге, рәсімдерге және процестерге сәйкес салымды басқарады және ол бойынша есеп береді.

5. Жалпы ережелер

5.1. Жобаның нәтижелерін пайдалану. ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген үкіметтік коммерциялық мақсат үшін Жобаның бірінші фазасы бойынша шешуші есепті пайдалануға, көшіруге және таратуға арналған бүкіл дүние жүзінде қолданылатын ерекше емес өтеусіз және қолданыстағы лицензияны береді. Қазақстан Республикасының Үкіметі әрқашан ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын тиісінше түрде растауы тиіс және тиісті жағдайларда жарияланымға тиісті хабарлама енгізуі тиіс.

, ЭЫДҰ есептің кез келген тілде және кез келген БАҚ-та бірінші жариялау құқығын сақтайды. Жобаның шеңберінде жұмыстың, оның ішінде, есепті қоса алғанда, нәтижелер ЭЫДҰ-ға тиесілі.

5.2. Растау. ЭЫДҰ ережелеріне және жарияланымдар ережелеріне сәйкес шешуші есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға салым туралы ескертпені және Қазақстан Республикасы Үкіметінің логосын жарияланымның бірінші бетінің кері келесі жағында немесе жоғарыда аталған растаудың қасында қойылады.

5.3. Ақпарат. Қазақстан Республикасының Үкіметі және ЭЫДҰ бірін-біріне өзара жәрдем көрсетуі және осы жобаны орындау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуі тиіс.

5.4. Тараптардың кез келген хат алмасуы:
Қ Р Э Б Ж М - ге :

010000 Қазақстан, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 "Министрліктер үйі"
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, факсі: + 7
(7 1 7 2) 7 4 - 3 8 - 2 4

О Э С Р - ге :

TO : O E C D
2 rue Andre pascal
75775 Paris Cedex 16
France жіберілетін болады.

5.5. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке жазбаша хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6. Төрелік

Осы Келісімнің пәрменділігін, заңдық күшін немесе тоқтатылуын қоса алғанда, оны түсіндіруден, қолданудан немесе орындаудан туындайтын немесе оған қатысты бейбіт жолмен реттеуге мүмкін болмайтын кез келген дау, келіспеушілік немесе талаптар осы Келісім күшіне енген сәтте жұмыс істеп тұрған халықаралық ұйымдар мен мемлекеттердің қатысуымен Гаагадағы Аралық соттың Тұрақты палатасының төрелік ережелеріне сәйкес төрелік сотта шешілетін болады. Төрешінің саны - үшеу, олар жоғарыда аталған ережелерге сәйкес тағайындалады.

Іс Франция, Парижде қаралады және барлық процестер мен құжаттар ағылшын тілінде жүргізіледі.

7. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 36 ай немесе алғашқы болып орындалуына қарай тараптар осы келісім шеңберінде өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі мерзімге жасалады.

2009 жылғы "___" қаласында, әрбірі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі

м ү м к і н ?

Экономикаға әсері қандай болады?

Қандай өңірлік географиялық нарықтарға акцент жасалуы тиіс?

Белгілі бір салаларда инвестицияларды және сауданы қалай ұлғайтуға болады?

Осы салалардағы түпкілікті тұтынушылардың талаптары мен индустрия/жабдықтау
ү ш і н с а л д а р ы қ а н д а й ?

Бұл салалар қаншалықты тартымды әрі бәсекеге қабілетті?

Іріктелген салаларға инвестициялар тарту және сауда-саттық үшін ұсынылатын
ұ с т а н ы м д а у ?

Басты кедергілер және оларды жою жолдары?

Инвестициялар тартуға және сауда-саттыққа қажетті қадамдар?

Ұзақ мерзімді құрылымдық реформалар арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын
қалай ұлғайтуға және табыстың тең болмауын қалай азайтуға болады?

Бұл сұрақтарға жауап беру үшін ЭЫДҰ 3 жылға арналған (2009 - 2011 ж.ж.) үш
ф а з а л ы т ә с і л ұ с ы н ы п о т ы р .

Бұл жоба жекелеген 2 кезеңді көздеп отыр: бірінші кезеңді Қазақстан Республикасы
қаржыландырады және төменде сипатталған 1-фазаны жабады. Бірінші кезеңді іске
асыру кезеңі 2009 және 2010 ж.ж. (1,5 жыл) жабады.

Іске асырудың екінші кезеңін Еуропалық комиссия қаржыландыруы мүмкін және
төменде сипатталған 2 және 3-фазаларды жабады. Екінші кезеңді іске асыру кезеңі
2009 және 2010 ж.ж. (1,5 жыл) жабады.

1-фаза (2009 - 2010 ж.ж.) бәсекеге қабілеттіліктің басымдықтарын және ерекше
салалық көздерін, сондай-ақ белгілі бір саяси кедергілерді айқындауға бағытталған.

ЭЫДҰ өзінің зияткерлік капиталы мен әдіснамаларын саланы басымдықтар
бойынша белгілеу, жергілікті мүмкіндіктерді бағалау, экономикаға ықтимал әсерін
моделдеу және белгілі бір саяси кедергілерді мұқият салалық тәсіл арқылы айқындау
үшін барынша пайдаланады. Қазақстан Үкіметі өсудің, бірінші кезекте тамақ
өнеркәсібіне бағытталған кластер сияқты танымал саласын айқындады. Қарау үшін
ақпараттық және коммуникативтік технологиялар, металлургия, биотехнология,
экология және сүт өндірісі келесі перспективалы салалар болуы мүмкін. Бұл фазада
қажеттілікке талдау берілетін болады. ТШИ-дің географиялық көздерін
эртаптастыру мақсатында Орталық Азияның негізгі саяси қыр көрсетулерді шолу да
қ о с ы л а т ы н б о л а д ы .

2-фаза (2009 - 2010 ж.ж.) салалық бәсекеге қабілетті қысқа мерзімді нәтижелерге
шоғырланатын белгілі саяси кедергілерді жою жолымен күшейтуге бағытталған.

ЭЫДҰ барынша практикалы және тиімді шараларға шоғырландыру үшін
индустриялық және саяси сараптаманы барынша пайдалана отырып, белгілі бір
салалық саяси кедергілерді жою бойынша үкіметпен, жеке меншік сектормен, басқа да
халықаралық ұйымдармен және азаматтық қоғаммен жұмыс жасайды. ЭЫДҰ-ның

Қазақстан жөніндегі таяудағы есебін ² негізге алып, жеке меншік сектордың талаптарының сәйкестігіне қол жеткізу үшін адами капиталға және кәсіптік білім беру реформасына ерекше акцент жасалады. Мұндай акцент ТШИ және редакциялау бағдарламалары (егер талап етілсе) бойынша дерекқорды дамытуға да жасалады.

3-фаза (2010 - 2011 ж.ж.) орнықты реформа жүргізу тетіктерін енгізуге бағытталған. ЭЫДҰ тәжірибесі қараса орнықтылыққа қол жеткізу үшін 3 шарт қажет: кез келген саяси және әкімшілік кедергілерді жоюмен тұрақты жұмыс жасайтын саяси жұмыс топтарын енгізу, белгілі бір салалық талаптарға сай келу үшін жергілікті ресурстар жеткілікті сандық және сапалық түрде қол жетімді болуы үшін кепілдік қамтамасыз ету үшін инвестицияларды, инновацияларды және адами капиталды тұрақты ілгерілету үшін ғылым қоғамымен байланысы бар бәсекелі кластерлер.

ЭЫДҰ жеке меншікті дамыту басқармасының табыс деңгейі жоғары, дамушы нарықтарға - мысалы, Таяу Шығыс және Оңтүстік Шығыс Еуропаға арналған мұндай бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесі бар. ЭЫДҰ Орталық Азияда жеке меншік секторды дамыту саясатының тиімділігін бағалау бойынша да жұмыс істеуде және өзінің жергілікті тәжірибесін әрі осы жобадағы сараптамасын барынша пайдаланатын болады.

Бұл бастаманы іске асыруға алып келетін түйінді қағидаттар:

Орнықтылықты қамтамасыз ету бойынша Ұлттық даму жоспары мен Қазақстанның басымдықтарының нақты байланысы;

Реформалар жүргізу үшін жеке меншік секторды қоса алғанда, Қазақстанның мүдделі тараптарымен тығыз байланыс;

Қосарлануы мен қайталануын болдырмау үшін осы мәселе бойынша донорлардың іс-қимылымен үйлестіру;

Кейіннен іске асыра отырып, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін "пилоттық" бағдарламаларға және мүдделі тараптарды қолдауға негізделген практикалық тәсіл болып табылады.

¹ Еуропалық Комиссия: ЕО-тың Қазақстанмен қарымқатынасу - Шолу: http://ec.europa.eu/comm/external_relations/kazakhstan/intro/undex/htm

Ескертпе: ЭЫДҰ мен Еуропалық Ұйымның айқындауы бойынша кедейшілік деңгейі: орташа ұлттық отбасылық табыстың баламалы 60%-ы

² Қараңыз. ЭЫДҰ-ның Қазақстандағы білім беру бойынша соңғы есебі (2008 жыл ақпан) :

http://www.oecd.org/document/10/0,3343,en_2649_39263238_38864842_1_1_1_1,00.html

М а з м ұ н ы

1. Түпмәтін және мақсаттар

1.1. Түпмәтін

1.2. Негізгі мәселелер мен мақсаттар

- 1.2.1. Жалпы мақсат
- 1.2.2. Ерекше мақсаттар
- 1.3. Жалпы нәтижелер
- 1.4. Басқа бастамалармен ықтимал бірлескен қызмет
- 2 Іс-шаралар мен әдіснаманың егжей-тегжейлі сипаттамасы
 - 2.1. Жобаның әдіснамасы
 - 2.2. I-ші фаза Саланы таңдау және талдау
 - 2.2.1. Әлеуетті жоғарғы өсудің маңызды салалары бойынша басымдылықтарды анықтау және орналастыру
 - 2.2.2. I Фаза 2-кезең: Нарықтық серпін мен салдарды айқындау
 - 2.2.3. I-фаза - 3-кезең: Табыстың белгілі салалық факторларын және саяси кедергілерді анықтау
 - 2.2.4. I фаза - 4-кезең Қазақстан үшін жеке секторды дамыту стратегиясын әзірлеу
 - 2.3. II фаза салалық реформаларды және оны іске асыруды айқындау
 - 2.3.1. II фазаның әдіснамасы
 - 2.3.2. II фаза: 2-қадамның әзірлемесінің мысалы: Жаңа объектілер құрылысын инвестициялау үшін әкімшілік кедергілерді қысқарту
 - 2.4. III Фаза: Реформаның құрылымы мен тұрақты реформа үшін тетіктер
 - 2.4.1. III Фаза 1-кезең: өнеркәсіптік және салалық саясат бойынша жұмыс топтары
 - 2.4.2. Фаза III - 2-кезең: Бәсекелестік кластерлері және ғылыми қоғам
 - 2.4.3. Фаза III - 3-кезең: Адами капитал және әлеуетті арттыру
 - 2.5. Мониторинг және бағалау
 - 2.5.1. Жеке меншік секторы ЭЫДҰ даму индексі
 - 2.6. Жобаны үйлестіру және ұйымдастыру
 - 2.6.1. Жобаны іске асыру жөніндегі команда
 - 2.6.2. Үйлестіру командасы
- 3 Іске асыру мерзімі және іс-шаралар жоспары
 - 3.1. Іске асыру мерзімі
 - 3.2. Бірінші жылға
 - 3.3. Келесі жылдарға
- 4 Күтілетін нәтижелер
 - 4.1. Нысаналы топтарға арналған күтілетін әсерлер
 - 4.2. Жарияланымдар мен басқа да нәтижелер
 - 4.3. Қысқа-және ұзақ мерзімді әсерлер
 - 4.3.1. Қаржылық қырлары
 - 4.3.2. Институционалдық деңгей
 - 4.3.3. Саяси деңгей
 - 4.4. Есептілік
- 4.5. Жылдық бюджет

1. Түпмәтін және мақсаттар

1 . 1 . Т ү п м ә т і н

Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін жариялады және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тұрақты саяси жағдай, үйлесімді этника аралық қатынастарды және орнықты экономикалық өсуді қалыптастыруда табыстарға қол жеткізді.

Экономикалық орнықтылық оның бай мұнай және газ қорларына (елдің батысында және Каспий теңізінің жағалауында) және осы салаға тартылған шетелдің тікелей инвестициялар құюмен, сондай-ақ ел басшылығы қолдап отырған қоғамдық келісімнің жоғары деңгейімен байланысты болуы мүмкін.

Экономикалық тұрғыдан алғанда Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысы. 2000 - 2005 ж.ж. экономикалық өсу (нақты ЖІӨ) орташа алғанда 10 %-ды құрады, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. 2006 ж. жоғары деңгей күтілуде (10.6 %). Жан басына шаққандағы табыс 2005 ж. аяғында \$ 3000 астам болды, бұл 2000 ж. салыстырғанда 75 % жоғары.

Қазақстанның экономикалық көрсеткіштері мұнай және газ ресурстарының жоғары өндірісімен және экспортымен байланысты (мысалы, мұнай өндіру: күніне 1.1 млн. баррел шикі мұнай, келесі 10 жылда осы көрсеткішті үш есе өсіру перспективасымен, 80 % экспортталады). Тұрақты жоғары өсу көрсеткіштері тікелей шетел инвестицияларының (ТШИ) елеулі болуымен байланысты болып отыр (1989 - 2005 ж.ж. ТШИ жалпы құйылуы \$ 24 млрд. жетті; 2004 ж. ТШИ құйылуы рекордтық \$ 5.4 млрд. жетті³).

1-кесте. Негізгі макроэкономикалық индикаторлар

Ел	Халқы (млн.)	ЖІӨ, 2005 ж. (\$ млрд.)	ЖІӨ жан басына шаққанда 2005 ж. (\$)	ЖІӨ өсуі (%) 2005 ж.	Инфляция (%) 2006 ж. (шамамен)	Ағымдағы шот теңгерімі (\$ млн.) 2005 ж.
Қазақстан	15.1	56.1	3714	9.7	9	-486

Көз: ЕҚДБ 2007 ж. өтпелі есебі; Еуропа комиссиясы; Economist Intelligence Unit агенттігі.

Ш е т е л и н в е с т и ц и я л а р ы

1990-жылдардың басынан бастап тікелей шетелдік инвестициялар тұрақты өсті. 2002 жылға қарай ЕО Қазақстанға ТШИ бойынша алғаш рет АҚШ-ты басып озды. Осы жетекші ұстаным 2003 жылы ТШИ жалпы көлемінен 39 % нәтижемен, негізінен жетекші мұнай компанияларының штаб-пәтерлерінің орналасуынан - Ұлыбританиядан, Италиядан, Нидерландыдан, (ЕО елдерінен) дәлелденді. Соңғы алты жыл бойы Қазақстан ТШИ-дің теңдесі жоқ өсуін көрсетіп келеді. (1999 ж. \$ 1.8 млрд. бастап 2004 ж. \$ 5.4 млрд.). Қазақстанда ТШИ ағымдағы деңгейі ТШИ/ЖІӨ қатынасына аударғанда - 7 %, бұл әлемдегі ең жоғары коэффициенттердің бірі. ТШИ көпшілігі көлік, қызмет көрсету, инфрақұрылымдық және инженерлік жабдықтар сияқты мұнай және газ

секторларын қамтамасыз ететін іс-шаралардың кең ауқымын қамтитын мұнай саласы мен табиғи газ секторына беріледі. (ТШИ ЕО осы секторларда 80-90 % құрайды; банк ісін, ауыл шаруашылығы мен металлургияны қоса алғанда ЕО инвестициялар ағыны аз)

2-кесте. Тікелей шетелдік инвестициялар

ТШИ ағыны (\$)							Инвестициялардың жалпы ағыны (млн . \$)	Жан басына шаққандағы инвестициялардың жалпы ағыны	Жан басына шаққандағы ТШИ ағыны (\$)	
2000	2001	2002	2003	2004	2005 (шамамен)	2006 (жоспарланған)	(1989-2005)	(1989-2005)	2004	2005
1,278	2,861	2,164	2,213	5,392	1,721	2,500	23,692	1,568	358	114

Көз: ЕҚДБ 2006 ж. өтпелі есебі.

С а у д а

Қазақстан сөзсіз Орталық Азиядағы ЕО-ның аса ірі сауда серіктесі болып табылады. ЕО-мен екіжақты сауданың тапшылығы 2.5 млрд. евро болған жағдайда, Қазақстан мен ЕО арасындағы екіжақты сауда 2005 жылы 10 млрд. еуродан асып түсті (ЕО саудасының жалпы көлемінде 0.3 %) Бұл ЕО-ның қалған төрт Орталық Азия елдерімен және Оңтүстік Кавказдың үш мемлекетін қоса алғанда екіжақты саудасының жалпы көлемінен жоғары. Қазақстанның ЕО-ға экспорты, қара металдарды, болат пен химия өнімдерін қоса алғанда басқа да шикізат пен ауыр өнеркәсіп өнімдерімен, негізінен пайдалы қазбалардан тұрады (Қазақстанның ЕО-ға импортының жалпы көлемінде отын ресурстары 85.4 % құрайды).

Орталық Азияның басқа елдерімен сауда экспорт пен импорттың тиісінше 3 % және 2 % болуымен төмен болып қалуда. Өңіраралық сауданы тежейтін негізгі факторлар: сауданы шектейтін жаппай тұтыну тауарларына негізделген ұқсас құрылымдар, саясат, саудадағы жоғары тарифтік және тарифтік емес кедергілер, тасымалдаудың жоғары шығыстары, дамымаған инфрақұрылым және халықаралық кедергілер болып табылады.

Швейцария, Италия, Ресей Федерациясы, Қытай, Франция, Украина, АҚШ Қазақстанның негізгі серіктестері болып табылады. Қазақстан ДСҰ-ға мүше емес, дегенмен де оған кіру бойынша келіссөздер басталды.

³ ЕҚДБ 2007 ж. Өтпелі есебінде

1.2 Негізгі мәселелер мен мақсаттар

1.2.1 Жалпы мақсат

Ұзақмерзімді саяси мақсат экономикалық әртараптандыруды ілгерілету және Қазақстанның мұнай секторынан тәуелділігін төмендету болып табылады.

Соңғы он жылда орталықтандырылған-жоспарлы экономикадан барынша еркін

нарықтық жүйеге көшуді білдіретін реформалау үшін бірнеше үдерістер жасалды:

Қаржы қызметі секторын құру;
Жеке зейнетақы жүйесін енгізу;
Энергетика индустриясын жекелендіру;
Мемлекеттік қызмет реформасы;

Жергілікті атқарушы органдар мен 14 әкімшілік провинцияның автономиясын күшейту мақсатында орталықсыздандыру;

Ұлттық мұнай тұрақтандыру қорын құру (> \$ 4 млрд. кірістерден жинақтар).

Үкіметтің 2007 жылдың қаңтарында таныстырылған Үшжылдық жоспары және Президенттің одан кейінгі сөздері реформалар үшін басым болып табылатын бірнеше салаларды қамтиды, алайда соңғы жылдардың саяси бағдарында үлкен өзгерістерді білдірмейді:

1. Мемлекеттік қызметшілердің санын қысқарту үшін әкімшілік реформалар;
2. Бәсекелестік саласында саясатты қалыптастыру;
3. Электр энергиясының тапшылығын төмендету үшін өнеркәсіп инфрақұрылымын дамыту;

Білім беру, ғылым және денсаулық сақтау жүйелерін жақсарту.

Елеулі экономикалық өсу мен тікелей шетелдік инвестициялардың ұлғаюына қарамастан дамуға бірнеше қолайсыздықтар сақталып отыр:

Экономиканы әртараптандыру: Қазақстанның экономикасы көп жағдайда өзінің энергетикалық ресурстарына тәуелді болып қалуда (мұнай және отын өнімдері ел экспортының 63 % құрайды) және осы секторға ТШИ (ТШИ 46 % мұнай және газ секторларына және небары 0.03 % - ауылшаруашылығына бағытталып отыр).

Шикізат емес экспорттың бәсекеге қабілеттілігі: Экспорт және импорт кезіндегі уақытша елеулі іркілістерді қоса алғанда қызмет көрсету салаларындағы машықтың маңызды олқылықтары және шектеулі техникалық стандарттар (Бекітілу үстінде).

Кірістердің теңсіздігі: бағалар бойынша жан басына шаққандағы ЖІӨ 2000 жылдан бастап 75 %-ға өскенменен, кедейлік деңгейі жеткілікті жоғары (16-17 %) болып қалады және кейбір ауылдық жерлерде 25 %-дан асады.

Негізгі мәселе - экономиканы қалай әртараптандыруға болады және энергетикадан тысқары басқа салаларда инвестициялар мен сауданы көтермелеу үшін бизнес-климатты қалай жетілдіруге болады. Қазақстан Үкіметі кластерлер ретінде белгілі, бірінші кезекте тамақ өнеркәсібіне шоғырланған өсу салаларын анықтады. Басқа салалар металлургия, биотехнология және экологиялық ғылымдар бола алады.

Бұл мәселелердің шешімін табу үшін ОЕҚД мынадай сұрақтардың жауаптарын табуға бағытталған ерекшелікті салалық тәсілдер құруға және қысқа және ұзақ мерзімді кезеңде іске асыруды ұсынады:

ТШИ көздерін қайда және қалай әртараптандыруға болады?

Қандай секторлар анағұрлым бәсекеге қабілетті болып табылады/бола алады?

Экономикаға қандай әсері тиеді?

Белгілі салалардағы инвестициялар мен сауданы қалай ұлғайтуға болады?

Осы салалардың түпкі тұтынушыларының талаптары және индустрия/жабдықтау үшін экономикалық салдары қандай?

Инвесторлар тарапынан сұранысқа не ықпал етеді.

Осы салалар қаншалықты тартымды және бәсекеге қабілетті?

Таңдаулы салаларға инвестициялар мен сауданы тарту үшін ұсынылатын позиция?

Бас кедергілер және оларды жою жолдары?

Инвестициялар мен сауда тарту үшін қабылдануы қажет қадамдар?

Ұзақ мерзімді құрылымдық реформалар жолымен халықтың жұмыспен қамтылуын және кірістер теңсіздігін қалай ұлғайтуға болады ?

1.2.2 Ерекше мақсаттар

Осы жобаның ерекше мақсаттары:

1) Басымдылықтарды анықтау, орналастыру және нарық серпіндерін айқындау жеке секторды дамытудың мемлекеттік стратегиясын құрудан және іске асырудан туындайтын елдің 4-6 салаларындағы табыстың маңызды факторларын құру.

2) Өңір ішінде де, сондай-ақ Өңірмен ЕО аралығындағы да саудаға және инвестицияға кедергі келтіретін нақты өнеркәсіптік кедергілерді жүйелі түрде қысқартуға ықпал ету; құрылымдық реформалардың іс-шаралары мен тетіктерінің құру мен дамытудан туындайтын.

1.3. Нәтижелер шолуы

Нәтижелер 3-фазада "Мақсаттар" бөлімінде айқындалған маңызды мәселелерге жауаптар табуға бағытталатын болады:

1 Фаза: Секторды > 2 Фаза:> 3 Фаза Тұрақты >
приоритизациялау мен Кедергілерді жою реформа механизмдерін
кедергілерді ендіру

идентификациялау

Маңызды нәтижелер

Басым салалардың тізімі	Салалар бойынша іс-шаралардың толық жоспары	Индустриалық саясат бойынша жұмыс топтарын құру
Салалар бойынша жеткізулердің сұранысы мен мәні Бәсекеге қабілеттіліктің салалық көздері Ерекше салалық кедергілер Өңірлік саяси кедергілер Биік деңгейді іске асырудың жол картасы	Кедергілерді жою үшін әрбір салаға 1-2 саяси ұсынымдардың жүзеге асыруы ТШИ бойынша деректер базасы және редакциялау бағдарламасы Инвестицияларды көтермелеу	Салалар бойынша бәсекелестік кластерлерін дамыту Адами капитал мен әлеуетті өсіру саласында құрылымдық реформаны жүзеге асыру

1.4. Басқа бастамалармен ықтимал бірлескен қызмет

ЕЫДҚ деректі толықтыратын бастамалармен жұмысты жүргізетін ЕҚДБ-мен, Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі Бірлескен Ұлттар Ұйымымен, Дүниежүзілік Банкпен

және ҮЕҰ-мен бірлесіп өз күшін бағыттайтын болады.

2. Іс-шаралар мен әдіснаманың егжей-тегжейлі сипаттамасы.

2.1. Жобаның әдіснамасы.

Осы Жобаның тәсілі кластерлер мен ӘКК тартуды қоса алғанда, жеке сектордың кері байланысы мен жергілікті мүмкіндіктерін шығатын зерттеулеріндегідей белгілі салалардың түсетін талдауы мен шолуына да негізделген.

Төменде Жобаның бірінші фазасының барысында қолданылатын басқа өңірде қолданылған 4 әдіснаманың мысалы келтірілген.

Methodology

ЭЫДҰ ең жақсы іс-тәжірибесін және инновациялық құралдарды пайдалану

Сектордың басымдылықтарын орналастыру индексі	15 кескіннен астам 32 секторды қамтитын сектордың басымдылықтарын орналастыру индексін анықтау
Елдің мүмкіндігінің шолуы	4 секторлар кескінінде 1 000 аса компаниялардан сұрақ-жауап алу компаниялардан тікелей жұмыс дағдысындағы қиындықтар мен қиындықтар туралы мәліметтер, өнімділік туралы ақпарат жинақтау үшін 30 аса сауалдар
Стратегияның моделі	қолданыстағы саясат пен баға тетіктер негізінде фирмалардың табыстық стратегиясының моделін ж а с а у Сценарийлерді жасау, сезімталдық талдауын жасау, сонымен бірге саясат облысы және мейлінше сезімталдық құнды бағалау үшін trade-off (келісімдік шешімді таңдау мақсатымен) талдауын өткізу.
бірінші және екінші деңгейдегі зерттеу	нарық конъюнктурасын зерделеу шолуын, елдің статистикасын, ПИИ халықаралық сауда мен статистикасын қоса алғанда, өнеркәсіптің екінші кезектегі зерттеуін өткізу Сұрақ-жауап өткізгеннен соң алынған нәтижелерді тексеру үшін фирмалармен және сарапшылармен, ғылыми қоғамдастықпен сұхбат, фокус топтармен кездестірулер өткізу.

PSD_WB Project_SEEIC
presentation_Paris_121107

OECD Private Sector Development 5

2.2. І-ші фаза Саланы таңдау және талдау

2.2.1. 1-фаза - 1-кезең: Әлеуетті жоғарғы өсудің маңызды салалары бойынша басымдылықтарды анықтау және орналастыру.

Жоба сауда және инвестициялар туралы ақпараттың көмегімен анықталатын бәсекелі артықшылықтардың ағымдағы құрылымынан бастай отырып, елдегі барлық маңызды салалардың бастапқы анықтаудан (мысалы, сүт өндірісі, ет өңдеу, металлургия, биотехнология және экологиялық ғылымдар және т.б.) басталады.

Елегі өсудің ең үлкен әлеуеті бар салаларына шоғырландыру мақсатында салалар белгілі өлшемдердің барынша сәйкес келуіне сәйкес басымдықтар бойынша орнына қ о й ы л а д ы .

Қосымша әсерлердің әлеуеті - жергілікті қосымша әсерлерді барынша ұлғайтатын факторлар (мысалы, жергілікті бөліп тұратын желіге ынталандыру немесе басқа салалардағы бір уақыттағы жұмысқа орналастыруды көтермелеу жолымен) олардың

бастапқы инвестициялары мен жұмыс орындарын құруынан басқа ел экономикасын кішкентай қалдық әсерін шығаратындарға қарағанда анағұрлым тартымды инвестициялар болып табылады.

Бәсекелестік артықшылықтарының әлеуеті - салалар бойынша басымдықтарды орналастырып қою мысалы, Орталық Азияның негізгі нарығына қол жеткізу салдарынан пайда алатын немесе елде алған нарықтағы табыстарын айқындайтын кәсіби сапасы есебінен ұтатын салалар сияқты басқа елдерге қарағанда елдің артықшылығы болатын салаларға назар фокусталады.

І с - ш а р а л а р

Салалар бойынша басымдықтарды орналастыру бойынша негіздемелік бағдарламасы - ұлттық статистикалық қызметтер мен ЭЫҰД деректеріне негізделген ЭЫҰД әзірлеген құрал. Төменде әртүрлі өңірлерге/елдерге арналған нәтижелер көрсетілген. Осы құрал басымдықтар бойынша бар салаларды орналастыруға ықпал етеді, сондай-ақ жаңа салаларды айқындауға мүмкіндік беретін стратегиялық негіздемелік бағдарлама болып табылады.

Methodology

ЭЫДҰ секторлары приоритизациясының индексі

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

"Кабинеттік" зерттеу - тиісті индустриальды есептерге, инвестицияларды, сұрауларды, зерттеулерді және шолуларды тарту бойынша стратегияларға (ХВҚ, Дүниежүзілік банк, Еурокомиссия, ЭЫДҰ, ЮНКТАД, өнеркәсіптік дамыту бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы, БҰҰ (БҰҰ (БҰҰДБ), ЕҚДБ, және т.б. шолу және бар ТШИ мен әлеуетті өсу салаларды айқындауға арналған сауда туралы ақпараттарға талдау.

Инвесторларға сұрау жүргізу - 1-іс-шара барысында жиналған ақпараттарды пайдалана отырып елге тартылатын салалар мен индустрияны айқындау үшін қазіргі және келешектегі инвесторлар үшін егжей-тегжейлі сауалнама жасау. Сұрау әрбір саланың нарық динамикасы бойынша мәселелерді қамтиды және 3-кезеңнің І Ф а з а с ы н д а ұ с ы н ы л а т ы н болады.

Сарапшылар мен үкімет қызметкерлерімен сұхбат - сұрау жүргізу аяқталғаннан кейін сұрау барысында алынған ақпараттарды растау үшін Қазақстанда миссия жүргізілетін болады. Бұған мынадай негізгі мүдделі тараптар өкілдерімен кездесу және сұхбат жүргізу жолымен қол жеткізуге болады:

1. Президент әкімшілігі.
2. Премьер-Министр Кеңесі және вице-премьер аппараты.
3. Индустрия және сауда министрлігі (ЭЫДҰ бастамасын қолдау туралы ҚР ИСМ министрінің қолы қойылған хатын қараңыз).
4. Сауда саясатын дамыту орталығы.

5. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі.

6. Монополияға қарсы агенттік.

7. "Самұрық-Қазына" Қоры.

8. "Қазинвест" инвестицияларды қолдау орталығы.

9. Қазақстанның кәсіпкерлерінің форумы, шетел инвесторларының кеңесі, Қазақстанның сауда-өнеркәсіп палатасы мен салалық сарапшылары.

Алдын ала SWOT-талдау - жоғарыда көрсетілген салаларды есепке ала отырып Қазақстандағы әрбір салаға арналған әлеуетті алдын ала SWOT-талдауға (күшті және әлсіз тараптар, Мүмкіндіктер мен Тәуекелдер) жиналған барлық ақпараттардың жинағы. Жалпы есеп Қазақстан әлеуетті үлгере алатын төрттен алтыға дейінгі сала айқындалатын SWOT-талдау түрінде берілетін болады.

2.2.2. Фаза I - Кезең 2: Нарықтық серпін мен салдарды айқындау

I Фазаның екінші кезеңі I фазаның 1-кезеңінде айқындалған 4-6 саланың әрбір саласы үшін нарық серпінін айқындауға бағытталған. Нарық серпінін айқындау үшін зерттеу сұрау сияқты және ұсыныс ретінде де факторларды қарайды:

С ұ р а у

Салалардың мөлшері және өсуі - әрбір саланың қазіргі және әлеуетті мөлшерін, сондай-ақ келешектегі өсу мүмкіндігін, оның ішінде осы саладағы қазірдің өзінде жұмыс істеп жатқан басқа компаниялардың саны мен мөлшерін, оның ішінде бұрынғы өсуін және жаңа нарықтардың ашылуы кезінде келешектегі болжамды өсуін айқындау.

Тұтынушылар түрлеріне және олардың талаптарына талдау - әрбір саланың нарығын ұқсас сипаттары бар тұтынушылардың жекелеген топтарына бөлу; осы салалар өндірген тауарларды кластерлер тұтыну үшін салалармен орындау үшін қажетті факторларды айқындау (мысалы. Сүт өнімдерін өндіру бойынша зауыт жеткізушіден белгілі бір стандарттарды орындауды талап етеді); нәтижесінде тұтынушылар нарықтарынан қайсысының едәуір тиімділігін айқындау.

Баға белгілеу және маржа - құрылымдардың әртүрлі бағалары әрбір сала өндірген өнімге арналған сұрауға қалай әсер ететінін қарау.

Ұ с ы н ы с

Қосылған құнның тізбегіне талдау - шикі затты дайын өнімге қайта өңдеу процесіндегі әрбір индустрияда іс-шаралар, объектілер, ақпараттар мен ресурстар жүйесін біріздендіру және инспекциялау, одан кейін осы өнімдерді тарату және іске асыру (мысалы. Шикі зат—>тасымалдау—>аралық өнім—>дайын өнім—>брендинг—>іске асыру) және осы әрбір кезеңде қосылған құнды айқындау үшін қосылған құн тізбегін қайта талдау.

Халықаралық бәсекелестік орта - ресурстар бенчмаркингін, ұсынылатын өнімдер/ қызметтер өнімділігі мен сапасын қоса алғанда халықаралық бәсекелестік серпінді айқындау.

І с - ш а р а л а р

"Кабинеттік" зерттеу - бар индустриальды есептерге, таңдалып алынған төрттен-алты салалар бойынша зерттеулер мен сұрауларға шолу, бұрын айқындалған басымдық негізінде әрбір саланы бағалау және сұрау серпіні мен таңдалып алынған салаларда ұсыныстарды айқындау үшін І фазаның 1-кезеңі барысында жүргізілген сұрау жүргізу барысында алынған ақпараттарға талдау.

Сарапшылармен сұхбат және сараптамалық бағалау - таңдалынып алынған салаларда бағалар құрылымы мен Қазақстанның жалпы бәсекелік ұстанымына талдау жүргізу үшін Индустрия және сауда министрлігін және басқа да маңызды әріптестерді (тізімді 11-беттен қараңыз) қоса отырып миссияны Қазақстанда жүзеге асыру.

Деректер қорын әзірлеу - барлық ақпараттарды, бизнес орта деректерінің құны мен санын және инвесторлардың ұсыныстарын қоса отырып орналасқан жерін таңдаудың маңызды факторлары диапазоны бойынша кеңейтілген онлайн-деректер базасына біріктіру. Жалпы есеп сұраудың нарықтық серпіні мен әрбір саланың ұсыныстарын толық түсіндіре отырып деректер қоры негізінде жарияланатын болады.

Жергілікті мүмкіндіктерге шолу - әртүрлі таңдалынып алынған салалардағы компаниялардың сұраулары мен фокус-топтары, Адами капитал мен саяси кедергілер өнімділігі мәселелері бойынша ақпараттарды жинау.

Сұрау мен ұсыныстарға талдау жүргізу кезінде біз басқа салалардағы білімді пайдаланамыз - І-қосымшадан қараңыз.

Басқа өңірлер айқындалған салаларын сұрауды және ұсыныстарды талдау мысалы: бизнес-процесінің Аутсорсингі Оңтүстік Батыс Еуропада

Бизнес-процесінің Аутсорсингі (BPO) менеджмент пен белгілі бір сегменттерді іске асырудың барлық бизнес функцияларын сыртқы қызмет берушілерге беру дегенді білдіреді. Осы функциялар бухгалтерия мен қаржыны, еңбек ресурстарын (кадрларды), call-орталықтарын және т.б. қамтиды. Әлемдік BPO нарық өте жылдам дамиды, тұтынушылардың талаптары өзгереді, ол индустрия құрылымына әсер етеді. BPO қабылдаудың негізгі "қозғалтқышы" құн, жұмыс және тұрақтылық; алайда BPO ретінде шығындарды азайта алады және өнімділігін ұлғайтады, осы құрал сондай-ақ процесс пен бизнесті қайта құруға арналған стратегиялық құрал ретінде танымал. Тұтынушыларға арналған басқа да "қозғалтқыштар" қолдау табатын өсуді, инновацияның жаңа тауашасын іздеуді және үздік практикаларды бағалауды қамтиды. Клиенттер мен географиялық және мәдени жақындық сияқты едәуір жұмсақ факторлар мен үкіметтік субсидиялар сондай-ақ таңдаудың маңызды өлшемдері болып табылады. Аутсорсинг тұтынушыларының мінез құлқын өзгертуін осы индустрияға айқындалған тәжірибе әкеле отырып және жаңа аумақтарда өзінің қатысуын кеңейтуге мүмкіндік бере отырып едәуір толық, кіріктірілген қызметті әзірлеуге BPO жеткізушілері жүргізеді. BPO функционалдық топтар (компаниялардың әр түрлі бөлімшелерінің қызметкерлері) мен топ менеджмент тартатын барынша стратегиялық бизнес шешім болуда.

Оңтүстік - Шығыс Еуропа - бәсекеге қабілеттілік үшін негіздемесі бар елдер

(диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз)

2.2.3. I-фаза - 3-кезең: Табыстың белгілі салалық факторларын және саяси кедергілерді анықтау

Саланы қарапайым көтермелеу жеткіліксіз. Ел таңдаулы төрт-алты салада үлгеруі үшін осы салалардың дамуына ықпал ететін орта қамтамасыз ету керек.

Өсудің барынша әлеуеті бар осы салалар Қазақстанда құрылғандығына сенімді болу үшін I-фаза 3-кезең әрбір саладағы табыстың маңызды факторы (ТМФ) анықтауға фокусталады, әсіресе:

Өнімнің нормалары мен стандарттары - өнімді, әсіресе, тамақ өнеркәсібін экспорттауға мүмкіндік алу үшін өнімнің нормалары мен стандарттары халықаралық стандарттармен және ЕО стандарттарымен үйлескен болуы тиіс.

Шекарааралық сауда - өте ауыр болып табылады, өйткені, көп уақытты талап етеді, сондай-ақ импорт пен экспорт үшін құжаттарының саны көп. Қазақстан 2008 жылы Doing Business герогтің дүниежүзілік банкінің есебінде соңғы көзқарасқа ие. ⁴

Жаңа кәсіпорын құруға инвестициялар үшін әкімшілік кедергілер - Қазақстандағы көптеген жаңа инвесторлар жаңа кәсіпорындар құруы кезінде едәуір әкімшілік кедергілермен кездеседі. Бұл әсіресе, өнімнің қысқа тіршілік айналымдары басқа да индустриялары мен жоғары технологиялары үшін бұл әсіресе проблемалы.

Адам ресурстары - Қазақстанға әсіресе, білімі мен дағдысымен қозғалатын салаларда инвесторлардың талаптарына сай келетін білікті кадрлармен қамтамасыз етуге қабілетті екеніне көз жеткізуі керек. Осы жағдай ЕЫДҚ жақында берілген есебінде Қазақстандағы білім беру шешімді талап ететін маңызды проблема деп белгіленді.

ТШИ-дың географиялық әртараптануы - ТШИ-дың географиялық көздерін әртараптандыру үшін бұл кезеңге өңірлік өлшемдер қосу қажет. Қазақстан Орталық азиялық өңірге барынша кең жол ретінде қабылданады. Сонымен бірге, екі өңірлік жұмыс топтарының барысында өңірлік деңгейде ТШИ кедергі келтіретін негізгі саясатшыларға шолу жасалып, танысу өткізіледі. Жұмыс топтары белгілі салаларға арналған өте сынды саяси кедергілерге фокустеледі. Алған нәтижелер ТҚШ-ның маңызды бағыты ретінде Қазақстанның салаға және өңірге кірудің мүмкін "кіру нүктесіне" алға жылжуы үшін одан әрі қолданылатын болады.

Іс - ш а р а л а р

Сарапшылар сұхбаты - елдің таңдаулы салаларындағы өсуді тежеп тұратын учаскелерді айқындау үшін ЕЫҚД сарапшылары мен сыртқы сауда мен инвестиция бойынша мамандардан сұрау.

Озық халықаралық тәжірибе - әрбір саладағы үздік жұмыс істейтін компаниялардың озық халықаралық тәжірибесін анықтау және өткізу, жетістіктің маңызды факторын анықтау үшін осы компаниялармен сұхбаттар жүргізу (олардың пікірі бойынша).

Толық SWOT-талдау - әрбір индустрияның және осы индустриялар нарығының серпініне толық SWOT талдау жүргізу үшін 1-фаза І-кезең барысында өткізілген алдын ала SWOT талдау нәтижелерін одан әрі дамыту. Қорытынды есеп 1-фаза І-кезеңде айқындалған әрбір сала үшін жетістіктің маңызды факторын айқындайтын SWOT талдау негізінде жарияланатын болады.

Жұмыс топтары - өңірлік жұмыс топтары арқылы өңірлік деңгейдегі салалар үшін жалпы саяси кедергілерді анықтау.

⁴ Дүниежүзілік банк (2007): Doing Business 2008, Қазақстан

2.2.4. 1-фаза - 4-кезең Қазақстан үшін жеке секторды дамыту стратегиясын әзірлеу.

Айқындалған салалардың экономикаға барынша әсері болу үшін әрбір сала үшін жетістіктің маңызды факторларын біріктіру және осы саладағы инвестицияларды инвестицияларды жылжытудың мемлекеттік стратегиясына көтермелеу қажет.

І с - ш а р а л а р

Инвестициялардың жылжытудың мемлекеттік стратегиясы - салалардың өсу, салалық серпіндерді талдау, SWOT талдау мен жетістіктің маңызды факторлары бойынша басымдануын негізге ала отырып, Қазақстанға инвестиция тарту жөніндегі стратегияны айқындау;

Саяси қолдау - кең консультациялар өткізу және жеке және мемлекеттік секторлармен жылжыту стратегиясының мәселесі бойынша консенсусқа жету

Инвестицияларды жылжыту бойынша іс-шаралармен Стратегияның байланысы - болашақ өсудің барынша әлеуетімен оларды салаларға бағыттай отырып, инвестицияларды жылжыту бойынша іс-шараларды жетілдіру.

2.3. II-фаза Нысаналы сектор мен оларды іске асыру үшін нақты реформалар

"Инвестициялық Стратегияны Әзірлеу шеңберлері" фазасы бойынша біз басым секторлар үшін Жетістіктің Маңызды Факторларын (KSF) айқындадық және талдадық. Біз сондай-ақ Қазақстанның бәсекеге қабілеттігін шектейтін сынды теріс факторларды және осы секторлардағы Тікелей Шетелдік Инвестициялар(FDI) үшін негізгі кедергілерді айқындадық.

II-ші фаза теріс факторларға байланысты мәселелерді тиісінше зерделеуді және Іс-қимылдар жоспарын әзірлеу және орындау арқылы ТҚШ үшін кедергілерді қысқарту.

I-фаза 3-қадам шеңберінде өткізілген толық ССВУ-талдау (SWOT) II-фазаның деңгейінде нақты бағдарламалардың саласы мен мақсаттарын (Іс-қимылдар жоспарын тұжырымдауға алып келетін) айқындайды.

2.3.1. II- фазаның әдіснамасы

II-ші фазаның мақсаты тікелей жеке инвестицияларға (ТЖИ) және атап айтқанда, ТҚШ (FDI) нысанасы фаза бойынша I-фаза бойынша біріздендірілген таңдаулы басым секторларға кедергі келтіретін кедергілерді қысқартудан тұрады, бұған мынадай қадамдар жүргізу есебінен қол жеткізіледі:

Нақты секторлар бойынша Іс-қимылдар жоспарына инвестициялық стратегияны аудару (төрт немесе алты таңдаулы секторлардың әрбірі бойынша).

Басымдықтарды біріздендіретін, аралық және қорытынды мақсаттар анықтайтын және министрлік және "Қазына" АҚ шеңберінде әрбір бастамаға жауаптыны тағайындайтын бірқатар шоғырландырылған бастамаларды қалыптастыру үшін Іс-қимылдар жоспарының құрылымы.

Маңызды әріптестерді (жүлдегерлер) қолдау кезінде көбейтілген болуы мүмкін пилоттық бастамалардың басында фокус жанында көбейткен пилоттық әрекеттерге ф о к у с .

Басымдықтар инвесторлардың шын мәніндегі мұқтаждықтарын ескеретіндей етіп бастамалар жөнінде жеке секторға кеңес беру тетіктерін белгілеу.

Синергия құру арқылы техникалық көмектің ағымдағы бағдарламаларымен үйлестіру жүйесін орнату (бірлескен әрекет), бұл ретте, Іс-қимылдар жоспарында көрсетілген басымдықтар тиісті назар мен шешім алуы маңызды.

Үздік тәжірибелер мен табысты жетістіктердің және қажетіне қарай белгілі саяси тәжірибелердің мысалын келтіре отырып, миссиялар, шолулар және семинарлар арқылы тұрақты тренингтер өткізу.

2.3.2. II-фаза 2-қадамның әзірлемесінің мысалы: Жаңа объектілер құрылысын инвестициялау үшін әкімшілік кедергілерді қысқарту (нөлдік айналыммен и н в е с т и ц и я л а у) .

Келесі мысал - Қазақстанның көптеген секторларында инвестицияларға жүйелі кедергі келтіретін бір фактордың иллюстрациясы - нөлдік айналыммен инвестициялау үшін әкімшілік кедергілер.

Шетел инвесторлары шағымдарының ішінде экономикалық ынтымақтасу және даму ұйымы (ЭЫДҰ) бетпе бет келген бір аса маңызды шағым бар: бұл ОАА елдерінде нөлдік циклден инвестициялау үшін күрделі реттелетін жағдай.

Кепілдік беру үшін, төрт секторлар, I Фаза бойынша сәйкестендірілуі, шетелдік инвестицияларды критикалық массаға тарта алады, әкімшілік рәсімдеріне арналған шетелдік инвестицияларды қажетті түрде тұтас жеңілдету. Мысалға, осы жерде ұсынылған, секторға бағдарланған нақты астамы, жобаны іске асыру барысында көзқарастар ұсыным болды, II Фазасы бойынша 2 қадамдар шегінде өткізіледі, жұмысқа жалпы бағдар болып табылады.

Ә р е к е т і

Бөлшектік елдік баға - әкімшілік тосқауылдарға арналған нөлдік циклдан елдің

таңдап алынған секторлары бөлінісінде инвестициялардың нақты мысалын зерделеу. Ең жақсы әдіспен салыстыру арқылы әкімшілік рәсімдерді және нұсқаулықтарды оңайлату үшін талдамалық негізін береді және (индустриялық парктерді дамыту және АЭА қатысты политиканы қосқанда), өтуге тиіс, компания арқылы, өндірісте нөлдік циклдан инвестицияларды жасайтын, әкімшілік цикл мысалын зерттеулер анықтайды. Жеке сектордың өкілдерден фокус-топтар мысалға зерттеулер жұмыстары мен шолулары, сондай-ақ ЭЫДҰ PSD, миссиядан және салыстырмалы талдау, мұндай инвестицияларға арналған әкімшілік тосқауылдарды толықтай талдауды әкеліп соғады. Бұдан басқа, нөлдік циклдан инвестицияларға арналған өндірісте ақылға қонымды механизмдері бар, әкімшілік тосқауылдарды жою бойынша ел ретінде сәйкестендірілген, елдік миссиялар елдерде өткізіледі.

Облыстарды сәйкестендіру үшін жақсарту - бөлшектік елдік бағаның өткізілген нәтижелері және облыста политиканың басты бекітілген фактілері және алынған нәтижелерді қарауға арналған, бір семинар ұйымдастырсын. Алынған сабақтар және жақсы практикасы, үздік тәжірибесін салыстыру, бекітілген нәтижелерін талқылау және семинарды ұсыну мүмкіндігінше көрсету.

Жиынтық есеп және Жоспардың әрекеті - нөлдік циклдан инвестициялардың өндірісте әкімшілік тосқауылдарға арналған жоспардың әрекетіне қатысты қысқартуды қосқанда, осы облыста политика туралы өңірлік семинарда пікірталастардың нәтижелерін қосқанда, бөлшектік елдің бағасының нәтижелері және бекітілген ф а к т і л е р і н ж а р и я л а у .

